

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
мемлекеттік
университеті» РМК
Ветеринария және мал
шаруашылығы факультеті



Бекітемін

Ғылыми жетекс төрағасы
А. Дошанова
20 19 2019 ж.



Модульді білім беру бағдарламасы
7М09102 Ветеринарлық санитария

Деңгей: магистратура (бағыт– ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

Құрастырушылар:

Кауменов Н.С. – ветеринариялық санитария кафедрасының меңгерушісі, в.ғ.к.

Нуржанова С.А. – оқытушы, т.ғ.м.

Ветеринария және мал шаруашылығы технологисы факультетінің әдістемелік кеңесі мәжілісінде қарастырылды, хаттама 17.04.2019 ж. №4

Университеттің ғылыми кеңесінің отырысында қаралды, хаттама 26.04.2019 ж. №6

Білім беру бағдарламасының паспорты

БББ коды мен атауы	7M09102 Ветеринарлық санитария
Білім берудің коды және классификациясы	7M09 Ветеринария
Дайындалатын бағыттың коды және классификациясы	7M091 Ветеринария
Білім беру бағдарламаның түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	
Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты магистранттардың тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін меңгеру, сонымен қатар магистранттардың жеке қасиеттерін дамыту және талаптарға сәйкес жалпы мәдени, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.	
Берілетін дәрежесі	
«7M09102 Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша ветеринария ғылымдарының магистрі	
Маманның лауызымдар тізімі	
ҒЗИ-ның ғылыми қызметкері; ЖОО және ветеринария бағытындағы колледжінің оқытушысы; меңгеруші; мал дәрігері; аға мал дәрігері; ВСС дәрігері; бактериология ғылымының маманы-мал дәрігері; токсикология ғылым маманы-мал дәрігері (радиолог); жетекші; аудандық, қалалық, облыстық, аумақтық инспекциясының бас маманы-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.	
Кәсіби қызмет нысаны	
Бітірушінің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады: ғылыми-зертханалық институттар; басқару органдары, департаменттер, бақылау-талдау қызметтері; жеке кәсіпорындар және ветеринарлық-санитарлық құрылым; білім беру ұйымы және ветеринарлық бағыттағы оқу орындары; ветеринария саласындағы өнеркәсіптік өндіріс.	
Кәсіби қызмет түрлері	
-білім беру (педагогикалық); -оқу-тәрбие; -оқу-технологиялық; -ғылыми-зерттеу; -ұйымдастыру-басқару.	
Кәсіби қызметінің функциялары	
<p>1) Тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету: дайын өнім мен мал шикізатының сапасын бақылау және қауіпсіздігі; жануарлардың өнімділігін жақсарту үшін ветеринариялық шараларды жүргізу; ветеринариялық-санитариялық-гигиеналық талаптарға сай мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету;</p> <p>2) Адамдар мен жануарлардың биоқауіпсіздігін қамтамасыз ету: жануарлардың, құстардың, балықтардың және аралардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының диагностикасы, алдын-алу және жою; адамдар мен жануарларға ортақ ауруларынан халықты қорғау; жұқпалы аурулардан ел территориясын қорғау; биофармацевтикалық препараттарды, дәрілік заттарды өндіруде және сатуда ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау;</p> <p>3) Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: аумақты антропоознозды аурулардан қорғау; елдің аумағын азық-түлік өнеркәсібінің стандартты емес қалдықтарынан, шикізат пен биологиялық өнімдерді өндіретін кәсіпорындардан қорғау;</p> <p>4) өндірістік - технологиялық;</p> <p>5) жобалық.</p>	
Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың нәтижелері	

- ON1 Ғылыми коммуникацияны ана және шет тілінде жүзеге асырады;
- ON2 Жұмыста ғылыми зерттеулер мен басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздерін қолданады;
- ON3 ЖОО-да оқытудың педагогикалық принциптерін, соның ішінде ветеринарлық пәндерді оқыту үшін жаңа технологиялар негізінде қолданады;
- ON4 Диагностика әдістері мен алдын алу құралдарын, сондай-ақ жануарлардың жұқпалы ауруларына қарсы іс-шараларды жоспарлау мен ұйымдастыру тәртібін анықтайды;
- ON5 Ветеринариялық, биологиялық және ауыл шаруашылығы саласының қазіргі заманғы мәселелерін білдіреді;
- ON6 Мал және өсімдік тектес өнімдер мен шикізаттарды ветеринарлық санитария және ветеринарлық-санитарлық сараптау әдістерін меңгерген;
- ON7 Шикізат пен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау критерийлерін анықтайды және таңдайды;
- ON8 Ветеринариялық істі заңнамалық регламенттеуді анықтайды және биологиялық қалдықтарды зарарсыздандырудың қазіргі заманғы әдістерін таңдайды;
- ON9 Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндіру, қайта өңдеу, сақтау және өткізу кезінде мониторингті, ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асырады;
- ON10 Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттарға физика-химиялық, токсикологиялық және радиометриялық зерттеулерді ұйымдастырады;
- ON11 Инфекциялық этиология ауруларын анықтаған кезде қайта өңдеу кәсіпорындарын дезинфекциялаудың қазіргі заманғы құралдары мен тәсілдерін қолданады.

Еуропалық кеңістіктегі жоғары білім беру аймағының (ҚР-ЕКЖБ) Кешенді біліктілік шеңберіндегі екінші деңгейлі дескрипторлары

Оқу бағдарламасын бітірген соң тұлектер:

- 1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;
- 2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;
- 4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;
- 5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны

Модуль атауы	Цикл, компонент (МК, ВК, ТК)	Пән коды	Пәннің / тәжірибенің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит ер саны	Семестр	Қалыпта сатын құзырет тіліктер (кодтар)
Жалпы кәсіби пәндер	БП/ЖООК	GTF 6201	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылымның феноменінің мәселелерін ерекше философиялық талдаудың тақырыбы ретінде таныстырады, тарихы және ғылымның теориялары туралы, ғылымның дамуы және ғылыми білімнің құрылымдары туралы, ғылыми зерттеулерді жүрізудің әдіснамсы туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның маңыздылығы туралы білімдерді қалыптастырады.	3	1	ON2
	БП/ЖООК	ShT 6202	Шет тілі (кәсіби)	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар лексикалық және грамматикалық шеңберінде ауызша және жазбаша қарым – қатынасты шет тілде жасауға дағдыларды меңгереді. Кәсіби қызмет саласындағы арнайы және ғылыми әдебиеттерді түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.	5	1	ON1
	БП/ЖООК	ZhMP 6203	Жоғары мектептің педагогикасы	Бұл пәнді оқу магистранттарға жоғары білім беру үшін қажетті заманауи білімнің маңызды бағыттарының бірі ретінде педагогикалық ғылым туралы білім және идеялар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәннің мазмұнында жоғары білімнің педагогикасының орны, рөлі мен маңызы туралы түсінік беретін педагогикалық теорияның ғылыми, теориялық негіздері	4	1	ON3

				қамтылады.			
	БП/ ЖООК	ВР 6204	Басқару психологиясы	Пән магистранттарға басқару психологиясының теориялық және әдіснамалық негіздерін түсінуді, басқару процестерінде жеке тұлғаның рөлін және орнын түсінуді, басқарушылық қызметтің мәнін және басқарудың өзара әрекетін түсінуге мүмкіндік береді. Магистранттар персоналды басқару қағидаттары мен әдістерін, ынталандыру теориясын, басқару шешімдерін қабылдауды үйренеді, басқару ортада көшбасшылық дағдыларды, көшбасшылықты және тұлғааралық қарым-қатынасты жасай алады.	4	1	ON2
Ветеринариялық санитарияның қазіргі заманның проблемалары	БП/ТК	ZhZhA KZPISh 6205	Жануарлар жұқпалы аурулар кезіндегі заманауи профилактикалық іс-шаралар	Пән жануарлардың жұқпалы ауруларымен күресу және алдын алудың заманауи ғылыми негізделген жүйелерін оқытады. Аурудың алдын алудың жалпы және ерекше шараларын, сондай-ақ қазіргі және жаңадан пайда болған эпизоотиялық ошақтарды жою жөніндегі іс-шараларды қарастырады. Магистрант жануарлардың жұқпалы ауруларын жалпылау, анықтау, диагностикалау және алдын ала біледі.	5	1	ON4,5
	БП/ТК	ZhAD KZA 6205	Жануарлар аурулары диагностикасының қазіргі заманның әдістері/	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар жалпы микробиология және вирусология негіздерін, иммунитет инфекцияларын, микроорганизмдердің генетикасын, микроорганизмнің миграциядағы ролін және жұқпалы аурулардың бактериологиялық, вирусологиялық және серологиялық балау негіздерін, қоздырушылардың негіздерін білуге дағыланады. Магистранттар пат.			ON4,5

				материалдарды сатып алу, сақтау, тасымалдау ережелерін жетілдіреді; вакциналарды, сарысуды және диагностикаларды, микробтық синтез өнімдерін қолдана отырып және ұтымды пайдалануды үйренеді.			
	КП/ ЖООК	VSK ZM 6301	Ветеринарлық санитарияның қазіргі заманғы мәселелері	Пән Қазақстан Республикасында жануарлар ауруларының алдын-алу және мал шаруашылығы өнімдері мен жоғары санитарлық сападағы жемшөптерді алдын-алу бойынша ветеринариялық-санитариялық шаралардың жағдайларын, мәселелерін, алдын-алу әдістерін оқытады. Магистранттар ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастырудың инновациялық әдістерін меңгереді.	5	1	ON5
Азық-түлік өнімінің ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігі білім беру траекториясының модульдері							
Шикізатты ветеринарлық-санитарлық бағалау және тәжірибедегі инновациялық технологиялар	КП/ТК	MTSh VSB 6302	Мал тектес шикізатын ветеринарлық-санитарлық бағалау	Пәнді оқу кезінде магистранттар инфекциялық және инвазиялық аурулардың патогендігіне жылу әсер ету режимдерін және тағам уланудың алдын - алу шараларын білуі керек. Жануарлар мен құстарды союға дайындау және әртүрлі аурулар, уланулар кезінде өнімдер мен шикізатты ветеринариялық – санитариялық бағалауға қабілетті болуы керек. Ет, сүт, жұмыртқалардан сынама алу ережелерін және санитариялық-гигиеналық зерттеу әдістерін меңгеру тиіс.	5	2	ON 6,7,10
	КП/ТК	AVSB 6303	Азықтарды ветеринарлық-санитарлық бағалау	Пән азықтарды дайындау, оларды сақтау және азықтандыруға дайын бойынша білімді тереңдетуге мүмкіндік береді; Зертханалық сараптау үшін азықтан сынама алу; жем,	5	2	ON6,10

				азық-түлік және азық-түлік қалдықтарын санитариялық бағалау дағдыларын алуға мүмкіндік береді.			
	КП/ТК	ZTZT 6304	Зертханалық тәжірибедегі заманауи технологиялар	Пән зертханалық тәжірибені технологияландыру бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады. Пәндерді оқыған кезде магистранттар зертханалық жұмыстың әлемдік тәжірибесінің жетістіктерімен танысады; ауруларды балау үшін, жануар тектес шикізаттарын, биологиялық объектілерді сараптау және талдауға арналған заманауи құрылғылармен жұмыс істеу дағдылармен таныстырады.	5	2	ON 4,6,10
Азық-түлік өнімдерінің және малшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі	КП/ТК	МОК 7305	Малшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі	Дайын өнімнің технологиялық сапасын бақылау кезінде жануарлар мен шикізаттың қауіпсіздігін және сапасын бақылау талаптары оқытылады; дайын өнімнің және шикізаттың экологиялық және биологиялық қауіпсіздігі қарастырылады; Магистранттар шикізат, сүт және ет өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін теориялық білімдерге және тәжірибелік дағдыларға ие болады.	5	3	ON4 ON6
	КП/ТК	АТОК ТВ 7306	Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігінің тәуекелдерді бағалау	Пән білім алушыларға систематикалық жүйе негізінде тағам өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін басқару саласындағы тәжірибелік дағдыларды және теориялық білімді, тағам өнімдерінің сапасына және қауіпсіздігіне әсер ететін қауіпті факторларды басқару және бағалау әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді.	5	3	ON7
Ветеринарлық-санитарлық	КП/ТК	EMOO VSS	Экзотикалық малшаруашылық	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар аурулардың таралуының	5	3	ON6 ON10

сараптау		7307	және өсімдік өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық сараптау/	алдын - алу, адамдар мен жануарлардың улануын, қоршаған ортаны ластануын болдырмау, қауіпсіз әрі жоғары сапалы өсімдік пен мал шаруашылығы өнімдерінің экзотикалық түрлерін алудың негізгі бағыттарын меңгереді; заманауи талаптарды ескере отырып, өсімдік және мал шаруашылығының экзотикалық өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау бойынша сезімдік және зертханалық зерттеулер жүргізуді үйренеді.			
	КП/ТК	РАКВ OVSS 7308	Паразитті ауру кезінде балық өнімдерін ветеринарлық-санитарлық сараптау	Балықтың микоздық ауруларын терең зерттеу, балықтың паразиттік ауруларына балықты зерттеу әдістері және оларды бейтараптандыру әдістері; балықтың паразиттік аурулары кезінде балық сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау дағдыларын жетілдіру; сапаға санитариялық бағасын беріп, балық өнімдерін одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдайды.	4	3	ON6
Мал шаруашылық кәсіпорында ветеринарлық санитария білім беру траекториясының модульдері							
Малшаруашылық және өндеу кәсіпорындарындағы мониторинг, гигиена, санитария	КП/ТК	МКVS ТМО 6302	Малшаруашылық кәсіпорындарында ветеринарлық-санитарлық тәртібінің мониторингі және оны оптимизациялау	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар мал шаруашылығы кәсіпорындарының ветеринариялық – санитариялық мониторинг принциптері меңгереді; ветеринариялық-санитариялық ережелерді, стандарттарды, санитариялық-гигиеналық талаптарды жан-жақты қолдану мүмкіндігі туындайды; магистранттар кәсіпорнындағы микроклиматты ветеринариялық-санитариялық бағалау ережелерін, мал шаруашылығы ғимараттарында, ветеринариялық-санитарлық мекемелерде	5	2	ON9

				санитариялық бағалауды меңгереді.			
	КП/ТК	ESOO GS 6303	Ет-сүт өнімдері объектілеріндегі гигиена мен санитария	Ет - сүт өндірісіндегі заманауи талаптарға сәйкес гигиена мен санитария саласындағы білімді кең ауқымды кеңейтуге болады. Магистранттар жалпы ветеринариялық-санитариялық шараларды өткізуге, олардың санитариялық бағалауын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сүт және ет өнеркәсібінің санитариялық-гигиеналық бағалау дағдыларын меңгере алады.	5	2	ON5,7,11
	КП/ТК	VDU 6304	Ветеринарлық дезинфекцияны ұйымдастыру	Бұл пән химиялық заттардың жіктелуінің негіздерін, әсіресе олардың вирустар мен бактерияларға әсерін, химиялық заттардың, олардың топтарының, олардың улы қасиеттерінің, оларға қойылатын талаптардың заманауи жіктелуін меңгеруге мүмкіндік береді; магистранттар дезинфекция шарасына қажетті дезинфекция препараттарды дайындау, дезинфекцияны жүргізу үшін арналған заманауи жабдықпен жұмыс істеу, қауіпсіздік талаптарын орындау бойынша дағдыларын одан сайын тереңдете алады.	5	2	ON4,5,11
Ветеринарлық токсикология және дәрілік заттарды ветеринарлық-санитарлық қадағалау	КП/ТК	АТО RK 7305	Азық-түлік өнімдерінің радиациялық қауіпсіздігі	Пән радиациялық қауіпсіздік міндеттерін, азық-түлік өнімдерінде радиоактивті заттардың жиналу жолдарын, тамақ өнімдерінің радиациялық қауіпсіздігіне қойылатын нормативтік талаптарды, радиоактивті заттардың түсуінің алдын алу тәсілдерін, шикізат пен тамақ өнімдерін дезактивациялау және қайта өңдеу әдістерін, радиациялық ветеринариялық-санитариялық сараптаманың әдістері мен принциптерін	5	3	ON10

				қарастырады. Курсты оқу барысында магистранттар ветеринариялық қадағалау нысандарын радиациялық сараптау дағдыларын алады.			
	КП/ТК	VT 7306	Ветеринариялық токсикология	Бұл пән улы (токсикалық) заттарды және олардың жіктелуін; химиялық токсикоздарды; азықтық токсикоздарды; сапасы төмен азық қоспалармен жануарлардың улануларын; саңырауқұлақтармен ластанған азықтармен уланған жануарлардың фитотоксикоздарды, жануар тектес улануларды, полихлорибензодиоксиндермен улануды меңгеруге мүмкіндік береді; магистранттар улануды, токсикоздың алдын-алуды жүзеге асыра алады; улы заттардың құрамына арналған шикізатты ветеринариялық-санитариялық бағалау дағдыларына ие болады.	5	3	ON10
Малшаруашылығы өнімдерінің қазіргі заманның қауіпсіздік принциптері	КП/ТК	ВКZhK ZP 7307	Биологиялық қалдықтарды жоюдың қазіргі заманның проблемалары	Бұл пән биологиялық қалдықтарды жинау, жою және утильдеу жөніндегі ветеринариялық-санитариялық ережелерді терең түсінуді қамтамасыз етуге; биологиялық, ветеринариялық және басқа да ауыл шаруашылығы қалдықтарын жоюдың және утильдеудің қазіргі заманғы әдістері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін білуге; биологиялық қалдықтарды көмуге арналған ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге; биологиялық қалдықтарды пайдалану туралы пікірлер мен ұсыныстарды беруге;	5	3	ON5 ON8

				биологиялық қалдықтарды пайдалану туралы пікірлер мен ұсыныстарды беруге; Қазақстан Республикасында және әлемде қалдықтармен жұмыс істеу ережелері мен талаптарын қолдануға мүмкіндік береді.			
	КП/ТК	ОНVZ 7308	Отандық және халықаралық ветеринариялық заңнама	Пән ветеринарлық терминологияны, нормативтік және техникалық құжаттарды, ветеринарлық нормалар мен ережелерді (Қазақстан Республикасының заңдары, техникалық регламенттер, халықаралық және ұлттық стандарттар, бұйрықтар, ережелер, ұсынымдар, нұсқаулар, қолданыстағы халықаралық жіктеулер) оқып үйренеді. Магистранттар нормативтік және техникалық құжаттарды, регламенттерді, СанЕжН-ді, ХАССП, GMP, ТЖН, ХЭБ талаптарын, ветеринарлық нормалар мен ережелерді практикалық пайдалану дағдыларын меңгереді.	4	3	ON4 ON7 ON8
Вариативтік модуль – 10 кредит (6206-6207)							
Жалпы базалық пәндер	БП/ТК	AMSht	Арнайы мақсаттар үшін шетел тілі	Арнайы лексикаға негізделген шет тілін оқуға арналған пән. Кәсіби деңгейде шет мемлекеттерден келген әріптестерімен қарым – қатынас жасауға, құжаттарды дайындауға және кәсіби тұрғыдан байланыс жасауға аса маңызды көңіл бөлінеді.	5	2	ON1
	БП/ТК	ІКТ	Іскерлік қазақ тілі	Магистранттарда дұрыс сөйлеу қабілеттелігін қалыптастыруға, іскерлік қазақ тілінің ережелерін оқытуға, іскерлік қарым – қатынас жасау кезінде лексикалық минимумын қолдануға арналған пән. Атқарған жұмыстары туралы, кәсіби уақыттары туралы магистранттар қазақ	5	2	ON1

				тілінде есептерді дайындауға үйренеді.			
	БП/ТК	IR	Іскерлік риторика	Бұл пән қазіргі жалпы заманауи риториканың заңдықтарымен, коммуникативті қарым – қатынас принциптерімен, қоғамның алдында сөйлеу құрылымымен таныстырады. Магистранттар кәсіби және ғылыми қарым – қатынас жасау кезінде әртүрлі жанрдағы мәтіндерді дайындау үшін, алынған мәліметтерді жадпылауға және нақтылауға үйренеді; Сонымен қатар, кәсіби және ғылыми қарым – қатынас жасау кезінде өзінің нақты көз – қарасын логикалық тұрғыдан нақты айтуға және көрсетуге үйренеді.	5	2	ON1
	БП/ТК	ІВВТ	Инновациялық білім беру технологиялар	ЖОО - дағы оқу үрдісіндегі технологиялар бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға негізделген пән. Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар оқытудың инновациялық технологияларын меңгереді. ЖОО жағдайында оқытудың жаңа технологияларын таңдауға және қолдануға үйренеді.	5	2	ON3
	БП/ТК	PShn	Педагогикалық шеберлік негіздері	Кәсіби – педагогикалық қызметте қажет болатын педагогикалық шеберлікті үйрететін пән. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру үшін керекті білімдерін қалыптастыра алады, педагогикалық қызметте болатын әртүрлі құбылыстарды саралауға және оларды адын – алуға, педагогикалық мәселелерді шешу үшін әртүрлі әдіснамаларды қолдануға үйренеді.	5	2	ON3
	БП/ТК	КККР	Конструктивтік қарым-қатынас психологиясы	Пән пәнаралық қарым-қатынасқа бағытталған: адамдар арасындағы қарым-қатынас, адамар арасындағы қарым-	5	2	ON2

				қатынастың ерекшеліктері, коммуникативті құзыреттілік; қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара бір - бірімен қарым-қатынас, әлеуметтік және психологиялық жанжалдардың сипаттары, бір-бірін білуі және түсінуі. Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар конструктивті қарым – қатынас жасау әдістерін және ерекшеліктерін меңгереді.			
	БП/ТК	IT	Интернет технологиялары	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар интернеттің барлық функцияларын, технологияларын және ұйымдастыру принциптерін меңгереді, интернет желісіндегі бағдарламаларды жобалау әдіснамасын үйренеді, интернет желісіндегі іздеу технонологияларымен, интернет технологиялардың даму болашағымен, серверлерімен танысады.	5	2	ON3
	БП/ТК	ZhBKT	Жобаларды басқарудың қазіргі технологиясы	Қазіргі таңдағы жобаларды басқаруға және технологиялық үрдістерді жасауға қабілеттілігі жоғары, әрі халықаралық және ұлттық талаптарға сәйкес кәсіби менеджерлерді даярлауға арналған пән.	5	2	ON2
	БП/ТК	RIKK	Риторика. Іскерлік қарым-қатынас	Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар ритоирканың негізгі принциптерін және әдіснамасын, сөйлеу мәдениетін, дәлелдеудің негізгі әдіснамасын, дискуссия жүргізуін толықтай меңгере алады. Магистранттар қажетті мәліметтерді толықтай табуға, аудиторияның алдында сөйлеуге, қарым – қатынас жасауға, аудиториямен қалай қарым – қатынас жасауға болатындығын толығымен үйренеді.	5	2	ON1

	БП/ТК	ВЕР	Бұлтты есептеулерді пайдалану	Бұлтты технологиялар саласында магистранттарда білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған пән болып табылады. Магистранттар бұлтты технологияларды зерттеп қана қоймай, олардың аспектілерін жұмыста қолдануды, сонымен қатар, Google. SkyDrive (office.com) сияқты негізгі құжаттармен, және олардың құралдарымен жұмыс істеуді үйренеді. Dnevnik.ru и DropBox, Яндекс. Диск сияқты сақтауға арналған бұлтты базаларды қолдануға да үйренеді.	5	2	ON3
Кәсіби практикалар	БП/ЖООК		Педагогикалық практика	Педагогикалық практиканың негізгі мақсаты - оқытудың әдіснамасын және қабілеттілігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, магистранттарды бакалавриатта сабақ жүргізуге шақырады.	4	3	ON3
	КП/ЖООК		Зерттеу практикасы	Ғылыми үрдістерді және зерттеулерді ұйымдастыруға, жоспарлауға және қолдануға қабілеттілігі бар; қазіргі таңдағы және заманауи әдіснамаларды қолдана отырып, өз бетінше зерттеулерді жүргізуге қабілеттілігі бар; заманауи әдіснамаларды қолдануға және таңдауға қабілеттілігі бар.	10	4	ON2
Ғылыми-зерттеу жұмысы	МҒЗЖ		Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Ғылыми – зерттеу жұмыстарын атқаруға, қарапайым ғылыми мәселелерді шешуге, күнделікті, кәсіби қызметте қолдана алатын және ары қарай докторантурада оқу үшін керек ететін білімді дамытуға дағдысы бар.	24	1-4	ON 2,3

Қорытынды аттестаттау	ҚА		Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау		12	4	
				Жалпы	120		

